

ЕҢБЕГІ ЕСЕЛІ – МАЛ ДӘРІГЕРІ

Тайынша ауданы орталығындағы «Ветеринарлық станциясы» шаруашылық жүргізу құқығымен мемлекеттік коммуналдық кәсіпорынының негізгі қызметі – Тайынша ауданының аумағында ветеринариялық-санитариялық жағдайды қамтамасыз ету болып табылады. Жалпы кәсіпорын қызметінің негізгі мақсаты – жануарлар ауруларының алдын алу, оларды емдеу, ауыл шаруашылығы жануарларының толық есепке алынуын қамтамасыз ету, жануарлардан алынып өндірілетін өнімнің құнарлылығын және ветеринариялық-санитариялық жағынан қауіпсіздігін қамтамасыз ету, халықты адам мен жануарға ортақ аурулардан қорғау.

дамды болып, әрбір жануардың өзіне тән ісіне тезу екінің бірінің қолынан келмейді.

Жалпы ветеринарияның функционалды міндеті-белгіленген тәртіпте ветеринарлық тіркеу, талдау, сараптама, жинақ жүргізуді жүзеге асыру. Ауылшаруашылық саласында малдарды сәйкестендіру бойынша шараларды өткізуін ұйымдастырады. Қажет болса, Ветеринария мәселесі бойынша тұрғындар арасында түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырады және жүргізеді. Көбінесе аймақтағы малдардың жұқпалы және жұқпалы емес аурулары бойынша індеттік жағдайды бақылауда ұстайды.

Мал дәрігерлері аса қауіпті аурулардан сақтандыру бойынша, сонымен қатар малдардың індеттік ауруларына ветеринарлық шараларды орындауды қамтамасыз етеді. Малдарды сою алаңдарының құрылысын ұйымдастырады және ветеринарлық нормативтерге сәйкес оларды ұстауды қамтамасыз етеді. Малға ветеринарлық паспорт береді. Аймақтағы әкімшілік-аймақтық бірлікке сәйкес аймақта әрекет ететін, ветеринарлық анықтама береді. Мал ауруларының адам денсаулығы үшін өте қауіпті екені бәрімізге мәлім. Сондықтан оның алдын алудың маңызы өте зор. Осындай жауапкершілігі



Осындай күрделі де маңызы зор міндеттерді атқару үшін, көрсетілген мақсатқа қол жеткізу үшін мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады: жануарлардың аса қауіпті, жұқпалы емес және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық іс-шаралар жүргізеді, ауыл шаруашылығы жануарларына жан-жақты қолдау жүргізу арқылы аса қауіпті және энзоотиялық ауруларына қарсы ветеринариялық препараттарды пайдаланып, сондай-ақ ауыл шаруашылығы жануарларын бірдейлендіруді жүргізуге арналған бұйымдарды және атрибуттарды тасымалдау бойынша да қызметтер көрсетіледі. Ветеринариялық анықтама беру үшін барлық заңдылықтар сақталады. Биологиялық

материалдың сынамаларын алғаннан кейін оларды ветеринариялық зертханаға жеткізу де мекеме құзырында. Ал, ауру жануарларды санитариялық союға тасымалдау бойынша да қызмет көрсетіледі. Бұл жағдайда арнайы көлік бар. Мал дәрігерлері жан-жануарлардың ауруларын емдейді, әртүрлі аурудың алдын алу үшін екпе салып, қажет болғанда ота жасайды, малдан алынған ет, сүт, тағы басқа өнімдерге бақылау жүргізіп, осы өнімдердің жарамды-жарамсызын айырады. Дегенмен ойлаңыз, жан-жануарларға қамқорлық жасау сізге ұнайтын болса ғана бұл мамандықты таңдай аласыз. Себебі, жақсы теориялық біліммен қаруланған өз алдына, аяғынан тік тұрып қызмет қылу үшін ұзақ жүріс-тұрысқа шы-

мол еңбек саласында қызмет атқаратын мал дәрігерлері ауданның барлық округтерінде бар. Солардың бірі-Тоқужинов Марат Мерғасимұлы. Ол өз ісінің маманы, күнделікті еңбек барысында асқан жауапкершілік танытып, ветеринария саласының қыры мен сырына әбден қаныққан маман. Бүгінгі таңда М.М.Тоқужинов басшылық жасап отырған бұл жұмыс орнында өз ісінің нағыз мамандары еңбек атқарады. Басшының да алдына қойған талабы - өзіне тиесілі ветеринариялық іс-шараларды сапалы әрі уақытылы жүргізіп, жануарларды жұқпалы емес және жұқпалы аурулардан тазарту, қауіпті індеттерден адамдарды сақтандыру, мал ауруын азайту, шығынға жол бермей, шаруашылықтарға келтіретін зиянды барынша азайту. Жалпы осы ветеринария саласының экономикалық, биологиялық



және медициналық санитариялық маңызы да жоғары екенін біздің кейіпкеріміз жақсы біледі. Осы салада 35 жылға жуық еңбек атқарып келе жатқан білікті басшы- еңбек десе ерінбейді, жүрген ортасында абыройлы, қоғамдық жұмыстарға да белсене араласады. Аудан көлемінде осы кәсіпорынға тиесілі арнайы мал дәрігері бөлімдерінде барлық жағдай жасалған, көліктермен қамтамасыз етілген, сонымен қатар қызметкерлеріне де тиісті жағдай жасалады. Аудан көлеміндегі мерекелік іс-шараларға қатысып, өз өнерлерін де көрсете алады.

